

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін көтеру институтының мәселелері**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 8 сәуір N 393. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.11.11. N 1156 қаулысымен. ~P981156

"Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2730 U952730\_ Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру мақсатында және мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін көтеру жүйесін құру мен дамытудың қажеттілігіне орай Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін көтеру институты (бұдан былай - Институт) туралы беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Институт Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін көтеру жөніндегі бас оқу және ғылыми-әдістемелік орталық болып белгіленсін.

3. Институт Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Басшы қызметшілер мен мамандардың біліктілігін көтеру республикалық салааралық институтының мүліктік және өзге де құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мұрагері болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының министрліктері, комитеттері мен өзге де орталық және атқарушы органдарының басшылары, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері жыл сайын 1 желтоқсанда институтқа мемлекеттік қызметшілерді оқытуға өтінім берсін.

5. Институтқа қызметтік 4 автомобиль, оның ішінде 1 шағын автобус лимиті бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 8 сәуірдегі  
N 393 қаулысымен

## БЕКІТІЛГЕН

### Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін көтеру институты туралы Е Р Е Ж Е

#### 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін көтеру институты (бұдан былай - Институт) мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін көтеру жөніндегі бас оқу және ғылыми-әдістемелік орталық болып табылады.

Институт ұйымдық-құқықтық мекеме нысанында жұмыс істейді және өз қызметінде Конституцияны, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Парламентінің, Президент пен Үкіметінің актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Институтта министрлер мен мемлекеттік комитеттер төрағаларының орынбасарлары, орталық мемлекеттік органдар басқармалары мен дербес бөлімдерінің бастықтары, олардың орынбасарлары мен басқа да мемлекеттік қызметшілер, облыстардың, қалалардың, аудандардың әкімдері мен орынбасарлары және әкімдер аппаратының басқа да құрылымдық бөлімшелерінің, мемлекеттік бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің басшылары, сондай-ақ осы лауазымдарды резервке енгізілген адамдар оқып, біліктілігін көтереді.

Бөлек лекте облыстық, қалалық және аудандық мәслихаттардың хатшылары, мәслихаттардың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары оқып, біліктілігін көтереді.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің институтқа берген мемлекеттік мүлкін жедел басқару құқын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті белгіленген тәртіппен Институтқа берілген өкілеттіктерге сәйкес жүзеге асырады.

#### 2. Институттың міндеттері мен функциялары

4. Институттың негізгі міндеттері:  
оқу сапасын тұрақты жақсарту, оқу процесін жүргізуші нысандары мен

әдістерін жетілдіру негізінде мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін көтеру;

республикада жұмыс істейтін мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін көтеру салалық институттары мен курстарының қызметтерін үйлестіруді және олардың әдістемелік басшылықты жүзеге асыру;

мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін көтеру мәселелері бойынша шат елдердің басқару органдарымен, оқу орындарымен, ғылыми-зерттеу мекемелерімен, консультациялық фирмаларымен, қоғамдық қорларымен және басқа да ұйымдарымен байланысты жүзеге асыру;

мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін көтеру процесін тұрақты түрде жетілдіру, оның барлық басқару деңгейіндегі тиімді қызметінің нақты міндеттерін шешуге арналған бағыттылығы болып табылады.

### 5. Институттың негізгі функциялары:

оқыту стратегиясы, мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау мен біліктілігін көтеру жүйесін дамыту мен жетілдіру, оларды тиімді пайдалану, қазіргі заманғы басқару дағдыларын қалыптастыру, мемлекеттік қызметшілер еңбегінің қырлары мен ынталандыру мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу;

республикада жұмыс істейтін мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін көтеру салалық институттары мен ғылыми-педагогикалық кадрларын әзірлеу және оқытушылар құрамының біліктілігін көтеру;

мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін көтеру проблемалары жөнінде республикалық және халықаралық конференциялар, семинарлар, кеңестер мен басқа ғылыми-практикалық форумдарды ұйымдастыру және өткізу;

министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен өзге орталық атқарушы органдардың, облыстар, қалалар мен аудандар әкімдері аппараты, ассоциациялар мен басқа да шаруашылық субъектілердің мемлекеттік қызметшілерді шетелде даярлау, қайта даярлау және біліктілігін көтеру жөніндегі ұсынған бағдарламаларын қарау және солар бойынша қорытындылар әзірлеу;

мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін көтеру жүйесін жетілдіру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныс енгізу болып табылады.

### 3. Институттың құқықтары мен міндеттері

6. Институттың өзіне жүктелген міндеттері мен атқаратын функцияларына сәйкес:

оқу сабақтарының түрлері бойынша профессор-оқытушылар құрамына оқу жүктемі мен көлемін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес бекітуге;

мемлекеттік қызметшілерді пайдаланудың тиімділігін зерттеулердің нәтижелері бойынша жоспарлары мен бағдарламаларын, ғылыми еңбектер, бюллетеньдер мен жылнамалар, оқу-әдістемелік және басқа да материалдар, лекциялар текстерін шығаруға:

өзіне қойылған міндеттерді шешу мақсатында республиканың және шет елдердің ғылыми-зерттеу және басқа да ұйымдарымен ынтымақтастықты және мамандар алмасуды дербес жүзеге асыруға;

ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау мен біліктілігін көтеруді белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға;

республика ішінде, сонымен бірге шет елдерде басқа кәсіпорындар мен және ұйымдармен өзара тиімді жағдайларды ғылыми-әдістемелік коммерциялық, сондай-ақ патенттік ақпарат алмасуға;

өз атынан мәмілелер жасауға (шарттар, контрактілер), мүліктік құқықтарды сатып алуға және міндеттілікте болуға, күрделі құрылыстар салуды және негізгі құралдарды қайта жаңартуды жүзеге асыруға;

жабдықтарды, құралдарды, қондырғылар мен материалдарды баланстан балансқа беруге, жалға алуға және жалға беруге, көтерме бөлшек немесе келісімді баға бойынша сатып алуға және сатуға бағасын шектемей жарамсыз болған немесе ескірген қорларды баланстан шығаруға. Иеленуге, пайдалануға және басқаруға берілген мүлік бөлігінде Институт олармен жасалатын барлық мәселелер мен өзге де іс-қимылдарды қолданылып жүрген заңдарға сәйкес аталмыш мүліктің меншік иесімен келісуі міндетті;

өз қызметінің есебінен құрылған мүлікті бөлек баланста ескеруге және оны дербес иемденуге. Аталған мүлік Институттың келісімінсіз кез келген нысанда о қ ш а у л а н у ы м ү м к і н е м е с ;

ғылыми, бағдарламалық немесе басқа өнімдерге келісімді бағалар т а ғ а й ы н д а у ғ а қ ұ қ ы б а р .

7. Институт мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау мен біліктілігін көтеру деңгейіне, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жүзеге асыруға, уақтылы орындалуына, әзірлемелердің ғылыми деңгейіне толық жауапкершілікте болады.

8. Институт заңды тұлға болып табылады, оның дербес балансы, есеп айырысу және өзге де, оның ішінде валюталығы да, банк мекемелерінде шоттары , мемлекеттік рәміздегі және өз атауы қазақ, орыс тілдерінде жазылған мөрі бар.

#### 4. Институтты қаржыландыру

#### 9. Институт қызметін қаржыландыру:

Қазақстан Республикасының Үкіметін мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және нақты жобалар мен жоспарларды жүзеге асыруға бағытталған

республикалық бюджет қаражатының;

Институттың оқу, ғылыми-зерттеу және баспа қызметі мен басқа да көздерден тапқан өз кірісінің есебінен жүзеге асырылады.

## 5. Институт жұмысын ұйымдастыру

10. Институтты Қазақстан Республикасы Үкіметі тағайындайтын ректор б а с қ а р а д ы .

11. Ректор Институттың барлық жұмысын ұйымдастырады, Институттың жай-күйі мен қызметі үшін толық жауапкершілікте болады, Институтқа жүктелген міндеттерден туындайтын құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

12. Институт ректоры белгіленген тәртіпке сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметіне Институттың құрылымын бекітуге ұсынады, Қазақстан Республикасы Үкіметімен келісіп проректорларды тағайындап, қызметінен босатады.

Өз құзыры шегінде бұйрық шығарады, Институттың барлық қызметкерлерін жұмысқа қабылдап, қызметінен босатады. Институттың бөлімшелері туралы ережелер мен лауазымдық нұсқаулықтарды бекітеді, қолданылып жүрген заңдарға және басқа да нормативтік актілерге сәйкес Институт қызметкерлеріне ынталандыру шараларын қолданады және тәртіптік шаралар жасайды.

13. Институт ректоры мемлекеттік органдармен, барлық мекемелермен және ұйымдармен қарым-қатынаста оны білдіреді, Институт атынан сенімхатсыз іс-қимыл жасауға, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Институттың мүлкі мен қаржысына билік етуге хақылы, шарт жасайды, сенімхат береді, банктерде валюталығын қоса шоттар ашады.

14. Ректор жанынан кеңесуші органы құқында Институттың Ғылыми кеңесі қ ұ р ы л а д ы .

Институттың ректоры Ғылыми кеңестің төрағасы, Институттың ғылыми хатшысы - хатшысы болып табылады. Ғылыми кеңестің құрамына Институттың проректорлары, негізгі бөлімшелердің басшылары, жетекші ғалымдар кіреді. Ғылыми кеңестің құрамына Институтта жұмыс істемейтін жетекші ғалымдар мен мамандар кіре алады. Ғылыми кеңестің құрамын Қазақстан Республикасының Ү к і м е т і б е к і т е д і .

15. Институтта ректор бекіткен Ішкі еңбек тәртібі қолданылады. Кейбір қызметкерлердің құқы, міндеттері мен жауапкершілігі ректор бекіткен қызметтік н ұ с қ а у л ы қ т а р м е н а й қ ы н д а л а д ы .

Институттың профессор-оқытушылар құрамы лауазымдарына ие болу мен аттестациялануы, сондай-ақ жұмыстан босату жоғары оқу орындары, ал ғылыми қызметкер үшін - ғылыми-зерттеу институттары үшін тәртібі көзделген шарттарда жүргізіледі. Басқа қызметкерлердің аттестациялануы ректор бекіткен

ережеге сәйкес жүргізіледі.

16. Институттың негізгі құрылымдық бірлігі кафедра болып табылады, оған ғылыми-әдістемелік және курстар мен бағдарламаларды педагогикалық қамтамасыз етудегі негізгі жауапкершілік жүктеледі.

17. Институтта оқу процесін ұйымдастырудың негізгі нысаны мақсатты оқу бағдарламалары болып табылады. Оқу бағдарламаларын бекіту, сондай-ақ оларды қайта қарауды Институттың Ғылыми кеңесі жүзеге асырады.

Институтта оқу процесін штаттағы оқытушылар, сондай-ақ жетекші ғалымдар, министрліктердің басшылары мен қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қоса атқару және сағаттық төлем шартында басқа да ұйымдардың қызметкерлері жүргізеді.

Институттың профессор-оқытушылар құрамының ғылыми-педагогикалық жұмыс стажы жоғары оқу орындары оқытушылары үшін белгіленген тәртіппен аяқындалады.

18. Институттың барлық оқу-әдістемелік, ғылыми-талдау, әкімшілік-шаруашылық және әлеуметтік мәселелермен байланысты қызметіне басшылықты Институт ректораты жүзеге асырады.

19. Институттың тыңдаушылары мемлекеттік қызметшілер болып табылады. Олармен қатар Институтта әртүрлі меншік нысандарындағы ұйымдар мен кәсіпорындардың басшы қызметкерлері мен мамандары оқытылады.

Тыңдаушыларды оқыту жоспарларын Институт көбіне тікелей шарттар негізінде қалыптастырады. Тыңдаушыларды қабылдауды қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Институт ректоры жүргізеді.

Тыңдаушылар басқарудың ғылыми білімі мен практикалық тәжірибелерін белсенді түрде меңгеруге, оқу жоспарлары мен бағдарламаларында көзделген тапсырмалардың барлық түрлерін орындауға, Ішкі тәртіп ережелерін сақтауға міндетті.

Тыңдаушылар Институт өткізетін ғылыми зерттеулерге, конференцияларға, кеңестер мен басқа да шараларға, Институттың Ғалымдар кеңесінің жұмысына қатыса алады. Олар аудиторияларды, кабинеттерді, лабораторияларды, есептеу техникасы мен басқа да оқу және көмекші оқу материалдарын пайдаланады, министрліктерде, ғылыми ұйымдарда, мекемелерде, оқу орындары мен кәсіпорындарда тағылымдамадан өтеді.

Оқу жоспары орындалмаған жағдайда, сондай-ақ ішкі тәртіп ережелерін өрескел бұзғанда тыңдаушыға тиісті анықтама беріліп, Институт ректорының бұйрығымен шығарылады.

Алынған құжат негізінде Институттағы оқуының нәтижелері туралы мәліметтер мемлекеттік қызметшінің жұмыс орны бойынша белгілі үлгідегі біліктілік аттестатына жазылады, ол аттестациялау және қызметі бойынша ауысу

к е з і н д е е с к е р і л е д і .

20. Жұмыстан қол үзіп оқыған кезеңде тыңдаушылардың негізгі жұмыс орны бойынша орташа жалақысы сақталады.

Оқу кезінде тыңдаушылар қонақ үй үлгісіндегі жатақханамен қамтамасыз етіледі. Жатақхана болмаған жағдайда қонақ үйлерде тұрғаны үшін шығыстардың орны қолданылып жүрген заңдарда көзделген шарттар бойынша т о л т ы р ы л а д ы .

Тыңдаушылардың оқу орнынан бару және қайту жолына, жатақханада (қонақ үйде) тұрғанына, іссапар шығыстарына ақыны, сондай-ақ стипендияны тыңдаушыны оқуға жіберген тарап төлейді.

## 6. Институтты тарату және қайта ұйымдастыру

21. Институтты тарату мен қайта ұйымдастыру заңдарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.